

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

РОО «НАЦИОНАЛЬНОЙ
АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

THE BULLETIN

OF THE ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE 1944

6 (412)

NOVEMBER – DECEMBER 2024

ALMATY, NAS RK

БАС РЕДАКТОР:

ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

ҒАЛЫМ ХАТШЫ:

ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **Н = 6**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **Н = 2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Ләззат Мыктыбекқызы, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **Н = 3**

БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 2**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **Н = 2**

ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы РҚБ-нің Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген

№ 16895-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ, 2024

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Кансеитович, доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:

АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 6**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Лязат Мыктыбековна, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

«Вестник РОО «Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан», 2024

EDITOR IN CHIEF:

TUIMEBAYEV Zhanseit Kanseitovich, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

SCIENTIFIC SECRETARY:

ABYLKASSYMOVA Alma Esimbekovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**

EDITORIAL BOARD:

SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich, Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

LUKYANENKO Irina Grigor'evna, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

SHISHOV Sergey Evgen'evich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 6**

SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova, Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

ABILDINA Saltanat Kuatovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarın (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

RYZHAKOV Mikhail Viktorovich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna, Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**.

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications

of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2024

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF
SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991-3494
Volume 6. Number 412 (2024), 144–160
<https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.860>

УДК 378.147
МРПТИ 14.37.27

A.B. Medeshova, G.K. Amanturlina, G.A. Dosheva, 2024.
M. Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Kazakhstan.
E-mail: medeshovaa@mail.ru

DIGITAL EDUCATION PLATFORM FOR PART-TIME LEARNING

Medeshova Aigul Baktygalievna – candidate of Pedagogical Sciences, associate professor of the educational programs for the training of computer science teachers and IT specialists, M. Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Kazakhstan, medeshovaa@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2722-7219>;

Amanturlina Gulmira Kaldanovna – senior teacher of the educational programs for the training of computer science teachers and IT specialists, M. Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Kazakhstan, e-mail: gulmira_78_78@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0009-9757-9461>;

Dosheva Gulzhikhan Abukhanovna – teacher, master, University of West Kazakhstan named after M. Utemisov, Ural, Kazakhstan, gulia_555_88@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0008-4385-4010>.

Abstract. The article is dedicated to analyzing the issues related to the creation and application of a platform for part-time education in the context of the digitalization of professional education. It examines the functionalities of existing digital educational platforms within the global education system. Given that the external study format has been abolished in Kazakhstan and replaced by part-time education based on distance learning technologies, it is undeniable that a digital education platform is needed to facilitate professionals' continuous development and "lifelong learning." This article is written within the framework of a project-based research study.

The research aims to identify the technology for developing a digital education platform for part-time learning, analyze the best foreign practices in using digital platforms, and conduct their testing. A model of the digital education platform www.edtime.kz has been created, developed as a software product, and launched. Online courses in physics and informatics education programs have been prepared and published on the digital education platform.

The article describes the concept of part-time learning and its development abroad. It outlines the methods of using the digital education platform for part-time learners in physics and informatics education programs. The functional features of the digital platform are detailed, and a methodology for evaluating the results of completing online courses on the digital platform is considered. As a result, the effectiveness of the digital platform for part-time learning is substantiated, and recommendations for its efficient use are provided.

Keywords: distance education, distance learning, part-time study, educational platform, online study, offline study, resource, content.

А.Б. Медешова, Г.К. Амантурлина, Г.А. Дошева, 2024.

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан.

E-mail: medeshovaa@mail.ru

PART-TIME ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ПЛАТФОРМАСЫ

Медешова Айгүл Бақтығалиқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, информатика мұғалімдері мен IT мамандарын даярлау білім беру бағдарламасының қауымдастырылған профессоры, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан, medeshovaa@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2722-7219>;

Амантурлина Гүлмира Қалданқызы – информатика мұғалімдері мен IT мамандарын даярлау білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан, gulmira_78_78@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0009-9757-9461>;

Дошева Гулжихан Абухановна – оқытушы, магистр, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан, gulia_555_88@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0008-4385-4010>.

Аннотация. Мақала кәсіби білім беруді цифрландыру жағдайында part-time оқытуға арналған платформаны құру және қолдану мәселелерін талдауға арналған. Әлемдік білім беру жүйесінде қолданыста бар цифрлық білім беру платформаларының қызметтері талданды. Қазақстанда сырттай оқу формасы жойылып, оның орнына қашықтан оқыту технологиясына негізделген part-time оқыту пайда болуына байланысты мамандардың кәсіби жетілуіне, «өмір бойы оқуына» мүмкіндік туғызатын цифрлық білім беру платформасы қажет екені даусыз. Зерттеу мақсаты – part-time оқытуға арналған цифрлық білім беру платформасын әзірлеу технологиясын айқындау, цифрлық платформаларды пайдаланудың шетелдік озық тәжірибелерін талдау және апробациядан өткізу. www.edtime.kz цифрлық білім беру платформасының моделі құрылып, программалық өнім ретінде жасақталып, іске қосылды. Физика және информатика білім беру бағдарламалары бойынша онлайн курстар дайындалып, цифрлық білім беру платформасында жарияланды.

Мақалада part-time оқыту түсінігі және оның шетелде дамуы баяндалған. Физика және информатика білім беру бағдарламалары бойынша part-time оқитын білім алушылардың цифрлық білім беру платформасын қолдану әдістері көрсетілген. Цифрлық платформаның функционалдық ерекшеліктері баяндалды. Цифрлық білім беру платформасындағы онлайн курстар өту нәтижесін бағалау әдістемесі қарастырылған. Нәтижесінде part-time оқытуға арналған цифрлық платформаның тиімділігі нақтыланып, тиімді қолдануға қатысты ұсыныстар берілген.

Түйін сөздер: қашықтан білім беру, қашықтан оқыту, part-time оқыту, білім беру платформасы, on-line оқыту, off-line оқыту, ресурс, контент.

А.Б. Медешова, Г.К. Амантурлина, Г.А. Дошева, 2024.
Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова,
Уральск, Казахстан.
E-mail: medeshovaa@mail.ru

ЦИФРОВАЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПЛАТФОРМА ДЛЯ PART-TIME ОБУЧЕНИЯ

Медешова Айгуль Бактыгалиевна – кандидат педагогических наук, ассоц. профессор образовательной программы по подготовке учителей информатики и IT специалистов, Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова, Уральск, Казахстан, E-mail: medeshovaa@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2722-7219>;

Амантурлина Гульмира Калдановна – старший преподаватель образовательной программы по подготовке учителей информатики и IT специалистов, Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова, Уральск, Казахстан, E-mail: gulmira_78_78@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0009-9757-9461>;

Дошева Гульжихан Абухановна – преподаватель, магистр, Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова, Уральск, Казахстан, E-mail: gulia_555_88@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0008-4385-4010>.

Аннотация. Статья посвящена анализу вопросов создания и использования платформы для part-time обучения в условиях цифровизации профессионального образования. Рассмотрены функции существующих цифровых образовательных платформ в мировой системе образования. В связи с тем, что в Казахстане очно-заочная форма обучения была упразднена и на её место пришло part-time обучение на основе технологий дистанционного обучения, стала очевидной необходимость в цифровой образовательной платформе, которая обеспечит профессиональное развитие специалистов и возможность «обучения на протяжении всей жизни». Данная статья подготовлена в рамках проектного исследовательского труда.

Цель исследования — определить технологию разработки цифровой образовательной платформы для part-time обучения, проанализировать передовой зарубежный опыт использования цифровых платформ и провести их апробацию. В рамках исследования была создана модель цифровой образовательной платформы www.edtime.kz, разработанная как программный продукт, и введена в эксплуатацию. На платформе были подготовлены и опубликованы онлайн-курсы по образовательным программам физики и информатики.

В статье раскрыто понятие part-time обучения и описано его развитие за рубежом. Представлены методы использования цифровой образовательной платформы для part-time обучающихся по образовательным программам физики и информатики. Описаны функциональные особенности цифровой платформы, а также рассмотрена методика оценки результатов прохождения онлайн-курсов на данной платформе. В результате исследования подтверждена эффективность цифровой платформы для part-time обучения, и даны рекомендации по её эффективному использованию.

Ключевые слова: дистанционное образование, дистанционное обучение, part-time обучение, образовательная платформа, онлайн-обучение, оффлайн-обучение, ресурс, контент.

Кіріспе. Әлемдік білім беру кеңістігінде интеграцияланатын кадр даярлау жүйесі Қазақстандағы еңбек нарықтарына да, жаһандық нарық жағдайларына да сәйкес келетін инновациялық тәсілдерді қажет етіп отыр. Осындай тәсілдердің бірі – елдің әлеуметтік-экономикалық өмірінің әртүрлі салаларындағы кадр сұранысын ескере отырып, part-time оқытуды жүзеге асыру.

Part-time оқыту – білім алушыға толық емес жұмыс күнін пайдаланып, кәсіптік білімін жетілдіру, біліктілігін арттыру, яғни, «өмір бойы оқу» қағидасын ұстану негізінде еңбектен қол үзбей, оқу бағдарламасын толық меңгерту. Part-time оқыту Full-time оқытуға қарағанда еңбектен қол үзбей оқуды қалайтын, кәсіптік білімі бар тұлғалар үшін тиімді. Part-time оқытуға сұраныстың артуы елімізде кадрлық жетіспеушілікті азайтуға ықпал етеді, кадрдың кәсіби құзыреттілігін шыңдайды. Өйткені еңбек ете жүріп, сол саланың қыр-сырын толық игеруде «дуалды оқыту» талаптары қанағаттандырылады. Part-time оқытуды сапалы жүзеге асыру білім беру платформасымен қамтамасыз студент тәуелді.

Part-time оқыту білім алушылардың әлеуметтік және еңбекпен қамтылу жағдайына байланысты білім беру платформасына сүйеніп, full-time оқудағы білім бағдарламасының толық көлемін меңгеруін қамтиды. Бұл зерттеудің негізгі идеясын анықтайды. Мұндай идеяның тууына Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында мәлімденгендей, қазіргі көпшілік үдерістер цифрландырылып, автоматтандырылып жатқан уақытта NEET санатындағы жастардың 237 мыңы білім алушылардың да, жұмыс істейтіндердің қатарына тіркелмегені себеп болды және ол жастардың кәсіппен айналысып, part-time оқуына жағдай туғызуға түрткі болды (01.09.2021).

Зерттеу мақсаты: part-time оқитын білім алушыға қолжетімді білім беру платформасын әзірлеу. Кәсіптік білім беру Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарының сапалы білім беру басымдығының «оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта құру», «білім сапасын арттыру» міндеттерін жүзеге асыруды көздейді. Part-time оқытуды ұйымдастыруды кәсіптік білім беруді цифрландыру негізінде жүргізу «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасы мен Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрландыруды, ақпараттық қауіпсіздікті дамыту және білім беру мәселелері (Қазақстан Республикасының Заңы 2022 жылғы 14 шілдедегі № 141-VII ҚРЗ) сияқты құжаттарды қамтиды.

Зерттеу 1) part-time оқытуға арналған платформалар бар ма, олардың тарихи, әдіснамалық, техникалық-программалық ерекшеліктері қандай? 2) part-time оқытуға арналған платформа қандай құрылымдық элементтерден құралуы тиіс? сұрақтарын шешуге бағытталған.

Материалдар мен әдістер

Мақалада цифрлық білім беру платформаларын шолу және part-time оқытуды программалық, ресурстық қамтамасыз ету зерттелген ғылыми еңбектер мен құжаттарды зерделеу, сауалнама, әңгімелесу, сипаттау, сандық деректерді жинау және сұрыптау, жүйелеу және жобалау, программалау әдістері қолданылды.

Part-time оқытуға сұраныстың болуы оның дамуына әкеледі. Мұны статистикалық деректерді талдау көрсетеді. Шындығында дамыған елдердің жоғары білім беру жүйесінде қашықтан оқыту технологиялық тұрғыдан көптеген тұтынушылар үшін қолжетімді. Мәселен, АҚШ студенттер контингенті АҚШ-тың Ұлттық білім статистикасы орталығының мәліметтері бойынша 2018-2021 жылдарда мемлекеттік жоғары оқу орнында - 11,1%-дан 43,2%-ға; жеке университеттерде - 17%-дан 33,6%-ға жеткен. Мұндай деректер қашықтан білім берудің тарихи даму жолы барын айқындайды. 2015 жылы күндізгі бөлімдегі бакалавр-студенттермен салыстырғанда 61%-ы екі жылдық оқу орындарын part-time жүйеде оқыған (Characteristics of Postsecondary Students (NCES 2017144)) (Snyder, 2016).

Қашықтан оқыту тарихы адамдар мен елдер арасындағы қарым-қатынастың білім беру саласына әсер етуімен байланысты басталған. XIX ғасырда Исаак Питман білім алушыларымен білім тексеру, кері байланыс жасау мақсатында пошталық хат алмасуды пайдаланған. XX ғасырдың басында радионың (University of Wisconsin, 1919), теледидардың (University of Iowa, 1937) мүмкіндіктерімен жетілдірілген (Pregowska, etc., 2021; Koenig, Hill, 1967). Мұның негізінде XX ғасырда сырттай оқу формасы қалыптасқан. Sofi-Karim M., Bali A.O. & Rached K. (2023) XXI ғасырда қашықтан білім берудің ауқымды желі арқылы on-line және off-line режимде оқыту мүмкіндіктерімен кеңейтілгенін қарастырған.

1. Біздің елімізде қашықтан білім беру сырттай оқу формасына ақпараттық-коммуникациялық технологияны ендіру негізінде қалыптасты. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес COVID-19 пандемиясы кезінде білім берудің барлық деңгейлердің ішінде жоғары білім қашықтан оқытуға барынша бейімделген болып шыққан. Оны «Атамекен» ҰКП мониторингісі анықтаған білім беру бағдарламаларының 41%-ы толық, 43%-ы on-line технологияларды пайдаланатын қашықтан оқытуға ішінара дайын деген деректер дәлелдейді. Бұл қашықтан оқыту форматының өзекті, әрі қажетті екендігін көрсетеді. Электрондық үкімет порталының ақпараты (16.05.2023) бойынша Қазақстанда жоғары оқу орындарының 50-ге жуығы ғана қашықтан білім беруді жүзеге асыру лицензиясына ие.

Қашықтан білім беру студенттерге икемділік пен білім беру ресурстарының кең ауқымына қол жеткізуді ұсына алады. Әсіресе, білімдік ресурстардың түрлі форматта ұсынылуына, кері байланыс жүргізу әдістерін еркін пайдалануға, бетпе-бет on-line режимде жүздесуге жол ашады. Яғни, қашықтан оқытудың икемділік, қолжетімділік, кері байланыс, оқу ортасы, жарамдылық, сенімділік

сияқты қағидаларды қанағаттандыратын платформасы болуы шарт (Mishra, et al., 2020).

2. Part-time оқытуға арналған платформалардың ТРАСК, SAMR, LMS сияқты модельдері Cacheiro-Gonzalez, Medina-Rivilla, (2019) еңбегінде талданған. Part-time (on-line) оқытуға арналған платформалар білім алушыға бағдарланады. Олар құрылымы мен ұзақтығы бойынша сертификатталатын қысқа мерзімді курстардан, жоғары білімнің түрлі деңгейлерінде кәсіптік білімі бар диплом алатын ұзақ мерзімді білім бағдарламасын қамтитын жүйеден, куәлік берілетін орта мерзімді кешеннен тұруы ықтимал. Сонымен қатар, жасақтау технологиясы бойынша бір ғана оқу орнының немесе бірнеше оқу орнының бірлесе әзірлеген курстарын қамтуы мүмкін (Medeshova, 2020).

3. Зерттеу барысында бірнеше кең таралған платформалар зерделенді. Оқу процесіне цифрлық технологияларды кеңінен енгізген елдердің ішінде Сингапур, Оңтүстік Корея, Қытай, Жапония, Австралия, Жаңа Зеландия, Израиль, Ұлыбритания, Эстония, АҚШ, БАӘ елдерін бөліп көрсетуге болады. Цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеуге және кеңінен енгізуге бағытталған бұл елдер, әдетте, білім беру сапасын халықаралық салыстырмалы зерттеулерде жоғары білім беру нәтижелерін көрсетеді.

Нидерландыда бірнеше жыл бойы жүргізілген және білім беру процесінде әртүрлі цифрлық платформаларды пайдалану тиімділігін зерттеулер нәтижелері бойынша оларды пайдалану тиімділігі пәндік салаларға, білім алушылардың жасына, үлгеріміне, тьютор, фасилитаторлар мен студенттердің цифрлық құзыреттілік деңгейіне және т.б. байланысты болуы мүмкін екендігі атап өтілді (Haelermans Carla, 2017).

Халықаралық цифрлық білім беру платформаларын талдау әлемде әртүрлі технологиялық және ұйымдастырушылық шешімдер болған кезде олардың көпшілігі университеттің күндізгі оқу кезінде беретін әлеуметтік және білім беру нәтижелеріне толық қол жеткізуге мүмкіндік бермейтінін көрсетті. Зерттеу барысында білім беру ұйымдарында енгізілген жарқын сипаттамалары бар бірнеше цифрлық білім беру платформалары зерттеліп, талданды (1-кесте). Әр платформаның сипаттамасында оның жалпы жобасы, мақсаттары мен міндеттері, педагогикалық, ұйымдастырушылық және технологиялық мүмкіндіктері бар.

Кесте 1. Part-time оқытуға мүмкіндіктер қамтылған білім беру платформалары

Платформа	Домен	Сипаттама
LearnSmart (McGraw-Hill Education, АҚШ)	http://learnsmartadvantage.com	студенттердің дағдылары мен білім деңгейлерін, сондай-ақ оқудағы прогресті бейімдеп бағалайтын интерактивті оқыту құралы. Оқу курстарының мазмұны материалды игеру динамикасына, оқушы білімінің озық және жеткіліксіз тұстарына, оның осы білімге деген сенімділік деңгейіне байланысты түзетіледі.

ALEX (McGraw-Hill Education, АҚШ)	https://www.aleks.com	американдық оқу әдебиеті баспасының өкілдері әзірлеген жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып, бейімделген білім беру платформасы. Платформаның ең маңызды ерекшелігі – бұл өнімде әр оқушының оқу сапасын бақылау үшін жасанды интеллект (AI) қолданылады. Көптеген курстар контенттері ағылшын және испан тілдерінде ұсынылады.
Revel (Pearson, Ұлыбритания)	https://www.pearsonhighered.com/revel/index.html	оқытушылармен бірлесе отырып, Pearson (Ұлыбритания) халықаралық оқу әдебиеті баспасы әзірлеген LMS ортасы. Moodle, Blackboard, Learn, Canvas, Brightspace басқа тәуелсіз LMS жүйелерімен интеграциялауға болады.
Connexus (Pearson, Ұлыбритания)	https://cpa.lms.pearsonconnexus.com	Pearson Connexus - білім беру нәтижелерін жақсартуға көмектесетін және икемді оқытуды қамтамасыз ету үшін оқытушыларды, мазмұнды, әрі студенттерді желіде байланыстыратын қуатты, бейімделетін білім беруді басқару жүйесі. Pearson (Ұлыбритания) халықаралық оқу әдебиеті баспасы әзірлеген. Платформада 700-ден астам on-line курстар бар.
Schoology (АҚШ)	https://www.schoology.com/	бұл пайдаланушыларға академиялық мазмұнды құруға, басқаруға және бөлісуге мүмкіндік беретін мектептер мен университеттерге арналған әлеуметтік желі және виртуалды оқыту ортасы. Бұл қызықты мазмұнды құруға, сабақтарды әзірлеуге және білім алушылардың өткен материалды түсінуін бағалауға қажетті барлық құралдардан тұратын оқытуды басқару жүйесі (LMS).
Moodle (Австралия)	https://moodle.org	ең танымал ашық коды бар жүйелердің бірі. Қазақстанның көптеген университеттерінде Moodle көмегімен білім беру платформалары құрылған. Moodle-дің тағы бір маңызды артықшылығы – пайдаланушылардың қауымдастығы.

Қазақстандық интернет кеңістігінде Openu.kz (OpenUniversity) қазақстандық ашық университет білім беру платформасы жасақталды. Оған 116 университет қосылған. Платформада шетелдік, қазақстандық ғалымдардың онлайн курстары және «жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының аясында 47 оқулық негізінде видеодәрістер дайындалып, орналастырылған. Оның операторы Ұлттық аударма бюросының қоғамдық қоры (<https://openu.kz/kz>).

Шетелдік және отандық part-time оқыту тәжірибесіндегі білім беру платформаларын зерттей келе, part-time оқитын студенттерге ұсынылатын программалық орта мен оқу ресурстарының берілуі туралы салыстырмалы талдау (кесте 2) жасалды.

Кесте 2. Қашықтан оқу платформаларының сипаттамалары

Параметр	Coursera	Lektorium	Stepik	Intuit	openU.kz
Саласы	Бизнес, IT, деректерді талдау, өзіндік даму	Әртүрлі тақырыптар	IT	IT, бизнес	IT, бизнес, гуманитарлық, жаратылыстану ғылымдары
Платформаның құрылымдық элементтері	Жеке тұлғаларға, бизнеске, университетке, үкіметке арналған курстар	Онлайн-курстар, медиатека, онлайн-мектептер, ағылшын тіліндегі курстар	Каталог, білім беруге, оқытуға арналған онлайн курстар, компанияларға (сатып алу, курс құру)	Кәсіби қайта даярлау, біліктілікті арттыру, курстар, видео-курстар, серти-фикаттау	Курстар, кітапхана, авторлар, жоба туралы, онлайн-вебинар, TED
Контенттің берілуі	Видеодәріс пен мәтін (бірнеше тілде)	Видеодәріс пен қысқартылған мәтін (орыс, ағылшын тілінде)	Видеодәріс (негізінен орыс тілінде, ағылшын және басқа тілдерде аз)	Мәтін, видеокурста -видеодәріс (орыс тілінде)	Видеодәріс (қазақ және орыс тілінде)
Бақылау мен бағалау	Шығарма-шылық ойлауды қажет ететін тестілер (құзыреттілікке бағдарланған), программалау тасырмалары, видеода қаралатын тапсырмалар, өзара және өзіндік бағалау тапсырмалары	Тестілер мен өзара бағалау, сәйкестендіру, ретімен орналастыру тапсырмалары	Тестілер, программалау тасырмалары	Тестілер, емтихан	Тестілер
Интерактивтілік	Хабарлама	Форум, хат	Комментарий, хат	Хат	Онлайн-вебинар


Зерттеу сұрақтарының шешіміне жету жолын нақтылау мақсатында сандық және сапалық зерттеу әдістері қолданылды.

Сауалнама. Сауалнамаға <https://onlinetestpad.com/> платформасында қатысқан М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің part-time оқитын (n=129) студенттерінің деректері алынды. Деректер 2022-2023 оқу жылының басында жүргізілді. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің алғашқы кәсіптік білімін күндізгі оқу формасында колледжде - 6.98% (9 студент), бакалавриатта -89.9% (116 студент), магистратурада-3,1% (4 студент) алғаны айқындалды. Part-time оқуда білім беру сервистерін пайдалану бойынша 31,8% вебинар (Zoom, MS Teams, WebEx Meetings, Skype, т.б.), 20,9% әлеуметтік желілер

(Telegram, Facebook, Instagram, т.б.), 15,5% телеоқыту (YouTube), 11,6% файл алмасу (DropBox, Bluetooth), 10,9% чат (WhatsApp), 9,3% электрондық пошта тиімді деп танылған. «Moodle, Google Classroom білім беру платформасын және оларды қосымша Platonus, Lektorium, Stepik, openU платформаларымен аралас қолданудың қайсысы тиімді?» - деген сауалға 43% Moodle, 28% Stepik платформасының жеке курсы өтуге болады, 14% Google Classroom және қалған 20 студент (15,5%) өзге платформа қажет деп жауап берген.

Әңгімелесу. Әңгімелесуге профессорлық-оқытушылар құрамынан (n=49) тартылды. Олар part-time жүйе платформасының ұтымды тұстарын айқындауға мүмкіндік берді. Оқытушылардың 42.9%-ы білім беру платформаларын қолданудың қиындығын алға тартты. 26.5%-ы ашық онлайн курсты part-time оқитын кез келген білім алушы қалаған уақытында оқи алатын, тьютор курсты дайындай алатын болса жеңіл платформа болса деген пікір білдірді. 10.2%-ы «платформада on-line және off-line режимде оқыту үйлесімді сабақтаса жүруі қамтылса, онда білім алушы мен тьютор арасындағы қарым-қатынас күшейеді және курсты меңгеру толық жүреді,» – деп есептейді. 16.3%-ы платформадағы білімді бағалауда викторина, тесті, ашық сұрақ, сәйкестендіру, тізбектеп орналастыру, т.б. нұсқаларда араласа ұсынылуы мол мүмкіндіктер туғызатынын алға тартады. Қалған әңгімеге тартылған 4.1% тьюторлар оқытуды on-line және off-line режимнің біреуімен оқытуға арналған платформа жасалып, оған курсты тек әкімгер мен әдіскерлер жүктегені жөн деп есептейді.

Білім беруді цифрландыру процесінің қарқынды жүруіне сәйкес кәсіптік білім беру жүйесінде ашық on-line курстардың пайда болуы субъектіаралық қарым-қатынастың дамуына әкеліп отыр. Білім беру платформаларын талдау нәтижесінде part-time оқытуға арналған платформаның құрылымы мен құрылымдық элементтері арасындағы байланыс (сурет 1) жобаланды.



Сурет 1. Part-time оқытуға арналған платформаның құрылымы


Part-time оқытуға арналған www.edtime.kz цифрлық платформаның басты бетінде курстар және әкімгер, нұсқаушы-тьютор, студент беттеріне ену мүмкіндіктері (сурет 2) қарастырылды. Сонымен қатар жаңалықтар мен хабарландырулар орналастырылды.

Әкімгердің функциясына басқару және реттеу кіреді.



Сурет 2. Білім беру платформасына ену

Тьютор курс қосу және курсты видеодәрістермен қамтамасыз ету процестерін автоматтандыруды (сурет 3) қамтиды.



Сурет 3. Курсты тіркеу, өңдеу және жариялау

Цифрлық білім беру платформасында жарияланатын онлайн курсты әзірлеуге М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессорлық оқытушы құрамы және мектеп мұғалімдері (Назарбаев зияткерлік мектебі, гимназия), шығармашылық орталық нұсқаушы шеберлері тартылды. Бұл цифрлық білім беру платформасындағы онлайн курстардың практикалық мәнділігін және платформаның ашық білім беру кеңістігі ретінде жұмыс жасайтындығын көрсетеді.

Part-time оқытуға арналған платформада әрбір курс бойынша дәріс материалдары, бейне дәрістер, практикалық жұмыстарға арналған тапсырмалар, тест тапсырмалары және т.б. қамтылды.

Платформада бейнеконференция өткізу мүмкіндігі бар. Курсты құру дизайны қарапайым, логикалық құрылымы оңтайлы жасақталған, бұл осы беттің функционалдығын зерттеуге және тұтастай жаңа нысанды құруға кететін уақытты азайтады. Білім алушының пәндік құзыреттілігін бақылау үшін әрбір микромодуль бойынша тестілеуден өтеді. Қорытынды тестілеу микромодульдік бақылауға қарағанда күрделірек, яғни пән бойынша функционалдық сауаттылық элементтерін қамтиды. Әрбір бейнедәріс бойынша білім алушының прогресі көрінеді. Яғни, білім алушының бейнедәрісті толық қарағандығы үшін балл қосылады. Онлайн курс бойынша 15 бейнедәріс берілген болса, ең жоғары көрсеткіш 15-ке тең болады. Оқу прогресі жалпы онлайн курс бойынша алынатын бағаның 30%-ын құрайды. Әрбір бейнедәрістен кейін берілген тестілік тапсырмаларға дұрыс жауап беруіне байланысты балл қойылады, оны ағымдық бақылау деп атадық. Ондай кұрстағы барлық 15 тақырып бойынша

берілген тестілік тапсырмалардан жинаған балл қосындысы жалпы онлайн курс бойынша алынатын бағаның 30%-ын құрайды.

Онлайн курс бойынша қорытынды тестілеуден жинаған балл 40% нәтижені көрсетеді.

Онлайн курс бойынша жалпы баға кредиттік оқыту жүйесіндегі сияқты формуламен есептеледі: $ЖБ=Оқу\ прогресі*30\%+ ағымдық\ бақылау*30\%+қорытынды\ тесті*40\%$


Онлайн-курстың оқу прогресі бейнедәрістерді көруімен анықталды. Мысалы, «Деректер қоры теориясы» онлайн курсы бойынша мынадай статистика (кесте 3) жиналды.

Кесте 3. Бейнедәрісті көру талдауы

Бейнедәрістің атауы	Орташа көру пайызы (%)	Көрулер	Көру уақыты (сағат)
1 МҚ теориясына кіріспе	14,8	124	2,0489
2 Реляциялық деректер моделі	18,2	72	2,0581
3 Мәліметтер қорын жобалау	10,3	47	0,8446
4 Мәліметтер таңдауы	21,1	55	0,692
5 Мәліметтерді сүзу	21,7	28	0,6387
6 Кірістірілген функциялар	9,5	61	0,9572
7 Order by	16,0	41	0,5168
8 Агрегациялау функциялары	16,7	16	0,3031
9 Топ функциялары	13,8	25	0,2308
10 Кірістірілген ішкі сұраныстар	10,2	39	0,3617
11 Having	10,1	27	0,2337
12 UNION операторын қолдану	14,2	32	0,3648
13 Деректерді өңдеу операторлары	12,3	25	0,3977
14 Сақталатын процедуралар	9,8	27	0,2696
15 Сақталған процедураны орындау	12,4	25	0,4574
Барлығы	13,91	644	10,3749

Осы статистиканы пайдалана отырып, студенттер арасында қай тақырыптардың көбірек қызығушылық тудырғанын көруге болады, сонымен қатар дәрістердің мазмұны бойынша белгілі бір қорытындылар жасауға болады.

